

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ӘОЖ 342.92**

**АКСИЕВ БЕРИК ЖЕНИСБЕКОВИЧ**

**«Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін  
ұйымдастыру»  
«7М12302 – Құқық қорғау қызметі»  
(бейіндік бағыты)**

**«7М12302 - Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша  
«Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі» дәрежесін алу үшін  
магистерлік жоба**

**Ғылыми жетекші:  
Әкімшілік – құқықтық пәндер  
кафедрасының бастығы, PhD  
докторы, полиция полковнигі  
Т.С. Салкебаев**

**Қарағанды 2024**

## МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ.....	4
АНЫҚТАМАЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	10
2. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ.....	16
3. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІІО ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ДАМУ ДЕҢГЕЙІ.....	20
4. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ДАМУДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ, НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЖАЛПЫ ТӘСІЛДЕРІ.....	26
5. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР, ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ.....	33
6. ЖҰМЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ШАРАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУҒА КӨЗДЕЛЕТІН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ.....	36
ҚОРЫТЫНДЫ.....	37
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	39

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.
2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ.
3. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығы.
4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.
5. Қоғамдық қауіпсіздікті қоғаммен әріптестік жасап қамтамасыз етудің 2024 – 2028 жылдарға арналған тұжырымдамасын (құқық бұзушылық профилактикасы саласында) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1233 қаулысы.
6. «Елді мекендерде және қала сыртындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің патрульдік-бекеттік қызметті атқаруы жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 15 ақпандағы № 164 бұйрығы.
7. «Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары қызметкерлерінің әрекеттерін және қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтардың жасалу фактілерін тіркеу үшін техникалық құралдарды пайдалану нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы № 971 бұйрығы.
8. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.

## ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР ТІЗІМІ

ҚР – Қазақстан Республикасы  
ПО – ішкі істер органдары  
ЖКО – жол көлік оқиғасы  
АҚШ – Америка Құрама Штаттар  
БАӘ – Біріккен Араб Әмірлігі  
ЖПҚ – жергілікті полиция қызметі  
ПБҚ – патрульдік – бекеттік қызметі  
ПБЖ – патрульдік – бекеттік жасақтары  
ТЖ – төтенше жағдайы  
ЖЖҚ – жол жүру қағидалары

## АНЫҚТАМАЛАР

Осы жобада келесі терминдер мен ұғымдар тиісті анықтамаларымен қолданылады:

*Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары* - адамның және азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның және мемлекеттің мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған құқық қорғау органы болып табылады.

*Патрульдік-бекеттік қызметі* - елді мекендерде және қала сыртындағы автомобиль жолдарында қоғамдық тәртіпті сақтау және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі Қазақстан Республикасы полиция қызметкерлерінің және Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінің атқару тәртібін айқындайтын қызметі.

*Жол көлік оқиғалары* – көлік құралдарының жол жүруі процесінде және оның қатысуымен туындаған, өліміне, денсаулығына зиян келтіруге, көлік құралдарының, құрылыстардың, жүктердің бүлінуіне не өзге де материалдық залалға әкеп соққан оқиға.

*Әкімшілік құқық бұзушылық* - әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі деп танылады.

## КІРІСПЕ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстан Республикасында адам мен азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігіне, оның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, мемлекеттің жеке адам мен қоғам қауіпсіздігінің кепілі ретіндегі рөлін күшейту, осы үшін қажетті құқықтық база мен оны қолдану тетігін құру қазіргі уақытта ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы негізгі міндеттер ретінде қаралады

ҚР құқықтық жүйесін жаңғырту бойынша өткізілген іс-шаралар халықтың әл-ауқатының деңгейін арттыруға, экономиканың өсуіне және білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және жұмысқа орналасуға байланысты әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған мемлекеттік басқару моделін жақсартуға айтарлықтай ықпал етті. Осыған қарамастан, азаматтардың мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейінің төмендеуінен туындаған мемлекеттік қызметтегі дағдарыс оны қалпына келтіру үшін сындарлы және тиімді шаралар қабылдауды талап етеді.

Қоғамдық өмірдің қалыптасқан салаларындағы көптеген өзгерістер, демократия мен жариялылықты дамыту, құқықтық мемлекет құру жағдайында заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін мүлтіксіз қамтамасыз ету, әлеуметтік әділеттілік қағидатын іске асыру мәселелері ерекше өзекті болып қала береді.

Өкініштісі дамыған қоғамымызда әлі де қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпке, имандылыққа, басқару институтына қарсы қылмыстары мен құқық бұзушылықтардың үлес салмағы жоғары. Қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың қоғамдық орындарда, алаңдарда, көшелерде, алаңдар мен саябақтарда шамамен қырық пайызын құрайды.

Қоғамдық тәртіп саласындағы азаматтардың құқықтары олардың осы саладағы міндеттермен байланысынан тыс қарастырыла алмайды. Өркениетті қоғамдағы құқықтар мен міндеттердің бірлігі қоғам мен жеке тұлғаның мүдделерінің үйлесуіне негізделген. Қоғамда өмір сүру және қоғамнан бос болу мүмкін емес екені белгілі. Қазақстан Республикасының азаматтары құқық нормаларында және өзге де әлеуметтік нормаларда белгіленген қоғамдық тәртіпті, қоғамдық орындардағы мінез-құлық қағидаларын сақтауға міндетті. Қазақстан азаматтары қоғамдық тәртіп саласында белгіленген арнайы тыйымдарды сақтауға тиіс.

Патрульдік полицейлер қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қамқорлық жасайды. Олар қоғамдық тәртіпті бұзумен байланысты сын - қатерлерге жауап береді.

Зерттеу тақырыбының осыған дейінгі зерттелгендік деңгейі. Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру мәселелерін көптеген өкілдері өз еңбектерін арнады; атап айтқанда А.П. Алехин, И.И. Веремеенко, М.И. Еропкин, М.А. Кызылов, Ф.Е. Колонтаевский, Е. Баянов, Г.Н. Күнқожаева, Л.Л. Попов, А.В. Серегин, Е.Т. Жалбууров және

басқа ғалымдардың еңбектерінде терең зерттелген. А.П. Коренев, А.П. Лончаков, В.Н. Лапшин, Е.О. Тузельбаев, Е.Т. Абеуов, В.В. Филин және басқа авторлардың еңбектерінде патрульдік полицияның қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметін ұйымдастыру мәселелері қаралды.

**Зерттеудің мақсаты** қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру, сондай-ақ тиісті қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің шетелдік тәжірибесін реттейтін заңнаманы талдау негізінде құқықтық реттеудің негізгі проблемалары мен қайшылықтарын анықтау, құқық нормаларын іске асыру және аталған проблемаларды жою бойынша ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру бойынша заңнаманың қалыптасуы мен дамуын зерттеу;
- полиция қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру мәселелерді салыстырмалы-құқықтық зерттеу жүргізу (халықаралық тәжірибе);
- қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыруды көздейтін нормаларды қолданудың тәжірибесін зерттеу және қорытындылау;
- патрульдік полиция қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтау мен имандылыққа қол сұғатын құқық бұзушылықтардың әкімшілік-құқықтық және криминологиялық талдау жүргізу;

**Зерттеу объектісі** қоғамдық қатынастармен реттелген қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру үрдісінде пайда болатын құқық нормалар.

**Зерттеу пәні** қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі патрульдік полиция қызметінің құқықтық ұйымы болып табылады.

**Зерттеудің әдіснамалық негізі** танудың әмбебап ой толғау әдісі, сондай-ақ басқа да жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістердің жиынтығы болды (тарихи-құқықтық, формальды-логикалық, салыстырмалы - құқықтық, нақты-социологиялық, лингвистикалық, статистикалық-математикалық және т.б.).

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы** зерттеуде талданатын сұрақтар жиынтығымен, сондай-ақ оларды қарастырудың тандалған тәсілімен алдын-ала анықталған. Автор қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша полицияның әкімшілік-құқықтық мазмұнын дәстүрлі талдаумен шектелмей, патрульдік полицияның қоғамдық қауіпті іс-әрекетке қарсы іс-қимыл саласындағы негізгі аспектілерін қарастырды және осы қызметтің қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі қызметін жетілдіруге, олар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктің негізін саралауға және оларды іске асыруға қатысты принципті ережелерді тұжырымдады. Автор анықтаған зерттеу нәтижелері зерттелетін қол сұғушылықтарға тән негізгі ерекшеліктер мен тенденциялар теориялық ойлар кешенін тұжырымдауға, патрульдік полицияның жұмысын ұйымдастыру және

қызметін жетілдіру бойынша бірқатар ұсыныстарды негіздеуге және қарастырылып отырған мәселелердің бірқатар объективті және субъективті белгілерін түсіндірудің бірыңғай тәсілдерін жасауға мүмкіндік берді.

**Ғылыми жаңалық қорғауға шығарылатын күтілетін нәтижелерде де көрініс табады:**

- «қауіпсіздік» санаты ҚР ӘҚБтК-нің 30-тарауына енгізілген Әкімшілік құқық бұзушылықтардың барлық тобының фокус-объектісі ретінде әрекет етуі тиіс, осыған байланысты осы тараудың атауын өзгерту және былайша тұжырымдау қажет: «Көліктегі және жол шаруашылығындағы қозғалысы мен пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар».

- Қазақстан Республикасы үшін айыппұл баллдарының жинақтаушы жүйесі қолайлы. Бір бұзушылық үшін қосылуы немесе алынуы мүмкін ең жоғары балл-10 балл, ең аз 3 балл. Барлық бұзушылықтар дерекқорға енгізіледі және теріс баллмен көрсетіледі. Ең көп ұпай жинаған кезде – жүргізуші көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Жүргізуші алған (немесе одан алынған) айыппұл балдарын есепке алу және жалпы жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды балдық бағалау жүйелерін басқару үшін автоматтандырылған орталықтандырылған тіркелімдер жасау қажет.

- шетелдік тәжірибені ескере отырып, патрульдік полиция қызметкері кезекшілік кезінде өзімен бірге ала алатын қолма-қол ақша мөлшеріне ерекше шектеулер қою керек. Қазақстан Республикасы үшін бұл тәжірибе қолайлы, себебі бұл сыбайлас жемқорлықты азайтуға көмектеседі. Патрульдік полиция қызметкерлері қызмет атқару кезінде өздерімен бірге 10 000 теңге соманы белгілеуге құқылы ұсынылатын ақшалай лимит (шек) ретінде.

- жолдағы мінез-құлқын бақылау үшін жүргізуші Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгіне алады немесе Egov арқылы ақпарат алып, оның ұпайлары туралы ақпарат ала алады.

Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыруды жоғары деңгейге жеткізу үшін келесі қызметке көп назар бөлген дұрыс. Негізгі мақсаты – азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын кез келген заңсыз және қылмыстық әрекеттерден қорғау, өмірлік қиын жағдайға, дәрменсіз жағдайға тап болған, қылмыскерлердің құрбаны болған адамдарға көмек көрсету, сауатты ұйымдастыру (алғашқы медициналық көмек көрсетуді талаптарды білуін үнемі тексеру); әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды ескерту мен жолын кесу, жасалуына әкеп соғатын себептер мен ықпал ететін жағдайларды анықтау, және де құзыреті шегінде жою.

Патрульдік полицияның қоғамдық тәртіпті қорғау, оларды қолдану процесін оңтайландыру жөніндегі қызметін жетілдіру жөніндегі негізгі теориялық ережелер, тұжырымдар, ұсынымдар халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған автордың 2 ғылыми мақаласында баяндалған:



Аксиев Б.Ж. Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметінің кейбір мәселелері // «Ғылым және жастар: жаңа идеялар мен шешімдер» халықаралық ғылыми – теориялық конференциясы. Центрально-Казахстанская академия, Караганда - 2024 г.

Аксиев Б.Ж. Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру жөніндегі халықаралық тәжірибеге шолу // «Заң ғылымының қазіргі даму үрдістері» халықаралық ғылыми – практикалық конференциясы. ҚР ІІМ Б.Бейсенов ат. Қарағанды академиясы, Қарағанды - 2024 г.

# 1. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітеді, оның ең жоғары құндылықтары адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Республика қызметінің негізгі қағидаттары: қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, соның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беруді шешу болып табылады [1], мұның бәрі қоғамдық тәртіпті сақтаусыз және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етпей мүмкін емес, ал бұл патрульдік полицияның басты функциясы.

Адамдардың қалыпты өмірінің жұмыс істеуі, сондай-ақ бүкіл қоғамның дамуы мен өмір сүруі үшін қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп қажет. Әкімшілік-құқықтық қатынастар нормаларын іске асырудың маңызды бөлігі қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті сапалы сақтау болып табылады. Бұл процесте, атап айтқанда, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде маңызды емес нәрсе-бұл сапалы нормативтік-құқықтық база. Оны мемлекеттік құрылымдардың да, қоғамдық институттардың да жүзеге асыруы, орындауы, қолдауы. Бекітілген Нормативтік-құқықтық базаларға, нысандарға, әдістер мен құралдарға сүйене отырып. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын дұрыс жүзеге асырмай, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл құқықтар демократиялық мемлекеттің нормативтік-құқықтық базасында тұрақты түрде бекітіліп, кепілдендірілуі керек. Сондай-ақ, құқықтық қатынастардың барлық мүдделі субъектілері қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылуы тиіс.

Жоғарыда келтірілген тұжырымдарға сүйене отырып, «қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету» деген тұжырым жасауға болады, бұл қоғамдық орындарда туындайтын қауіптің жоғарылауы кезінде нормативтік құқықтық актілерде бекітілген әдістерді, құралдар мен құралдарды дұрыс пайдаланудан басқа ештеңе емес.

Қоғамдық орындарда тәртіпті қамтамасыз етуді деп айқындауға болады. Осылайша, «қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету» ұғымы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді де қамтиды, яғни. барлығын және әрқайсысын абайсыз заңсыз әрекеттерден, қауіптілігі жоғары көздерді пайдалану салдарларынан, табиғаттың дүлей күштерінен, апаттардан, апаттардан және т. б. қорғау.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы заңның 9-1 бапқа сәйкес патрульдік полиция, жергілікті полици қызметінің құрамдас бөлігі. Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті ішкі істер органдары қоғамдық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

1) құқық бұзушылықтар профилактикасы;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау;

3) қылмыстылықпен күрес;

4) қылмыстық жазаларды және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын, сондай-ақ әкімшілік жазалауларды орындау [2].

Құқықтық тәртіпке қауіп төнуі мен азаюы, қылмыстардың көбеюі әрқашан мемлекеттің дамуындағы тұрақты проблемаларды бастан кешіруіне, экономикалық тұрақсыздықтың пайда болуына, инвесторлардың ел экономикасына инвестиция салуға құлықсыз болуына әкеледі.

Патрульдік полиция басқа полиция бөліністермен салыстырғанда, күнделікті тікелей халықпен байланыс жасауда, халықтың сенімін артатын басты бөлімше болатынына сенеміз. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұжырымдамасында айтылғандай, құқық қорғау жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарының бірі ішкі істер органдары көшуді жүзеге асырып жатқан полицияның сервистік моделін дамыту болуға тиіс. Сервистік тәсілге бағдарланған ұлттық полиция моделінің базалық компоненттерін қоғаммен әріптестік өзара қарым-қатынастарды орнатуға, оның ішінде нақты аумақта тұратын тұрғындардың пікірін ескере отырып, мәселелерді шешуге басымдық беру, сондай-ақ азаматтардың полицияға қолжетімділігін жеңілдетуге бағытталған қадамдық қолжетімділікті қамтамасыз ету жолымен бағытталған проактивті жұмыс болады [3].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының қазіргі кезеңінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, қоғамның рухани және материалдық құндылықтарына нұқсан келтіру тұрғысынан бірқатар проблемаларды, олардың алдын алу шараларын атап өтуге болады. құқық бұзушылықтар мен қылмыстар, атап айтқанда осы субъектілердің өзара әрекеттесу механизмінің өзгеруі.

Еліміздегі құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың статистиканы талдауы құқық бұзушылық санының төмендеу үрдісі байқалуда, мысалы 2018 жылғы 292,3 мыңнан, 2022 жылы 157,5 мыңға дейін. Осы кезеңде құқық бұзушылықтар мен қылмыстардан зиян шеккен адамдардың саны 1,7 есеге (2018 ж. 240,5 мыңнан 2022 ж. 128,5 мыңға дейін), қылмыстардан зардап көрген әйелдер саны 116,7 мыңнан 64,2 мыңға дейін, ер адамдардың саны 123,8 мыңнан 64,3 мыңға дейін қысқарды. Қуантатыны қоғамдық орындарда, әсіресе көшеде жасалған құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың тіркелген санының екі есе (105,6 мыңнан 42,5 мыңға дейін) төмендеуінің жақсы үрдістің байқалғаны. Қолданылып жүрген алдын алу шаралары жасалған заң бұзушылықтардың деңгейін соңғы бес жылда екі есе төмендетуге мүмкіндік берді. Өкініштісі, жол жүру қауіпсіздігі мәселесі қоғамды қатты алаңдатады. Бес жыл ішінде жол-көлік оқиғасында 11,2 мың адам қаза тапты, 97,7 мың адам жарақат алды, олардың басым бөлігі – экономикалық тұрғыдан белсенділер [4].

Қылмыстың өңірлік ерекшелігі түрлі факторлардың әсерінен қалыптасады. Географиялық және климаттық ерекшелігін ескерсек, Атырау, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Алматы облыстарында браконьерлікке, оның ішінде заңсыз балық аулауға байланысты, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Батыс Қазақстан және Қостанай облыстарында мал ұрлығы сияқты құқық бұзушылық көп жасалады [4].

Халықаралық сарапшылардың қорытындысына сәйкес Қазақстанда құқық бұзушылықтардың деңгейі орташадан сәл жоғары, мұнда қылмыстан зиян шегу деңгейі табыс пен білім деңгейіне парапар түрде өсуде, мұны аймақтардың ерекшелігіне байланысты, әсерін тигізуі теориясымен түсіндіруге болады (Еуропалық Одақтың «Қазақстандағы қылмыстық сот төрелігін жетілдіру» жобасы шеңберіндегі «Қазақстандағы тұрғындардың құрбан болуы деңгейін және құқық қорғау органдарына деген сенімін бағалау» зерттеуі, 2018 ж.) [5, 6-7 б.].

Қазіргі уақытта немесе келешекте қандай да бір мәселелер шешілетінін, кімге көмектесу керектігін, қай учаскеде күштерді қайта бөлуді және оларды қалай маневрлеуді анықтауға, қолда бар күштер мен құралдарды және оларды пайдалану нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін, қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің желісі бойынша жедел жағдайды талдау, қылмысты, қоғамдық тәртіпті қорғауды және жұмыс нәтижелерін сипаттайтын деректерге сәйкес қызмет көрсетілетін аумаққа және халыққа қатысты тұжырымдар ішкі істер органдарының ұйымдастырушылық қызметіндегі негізгі бағыттарды, проблемалар мен кемшіліктерді анықтауға, артта қалған әкімшілік учаскелерді, оң және теріс факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Құқық тәртібін қамтамасыз ету саласында институционалдық-құқықтық реттеу 2018 – 2022 жылдар кезеңінде заңнамалық және ұйымдық сипаттағы негізгі стратегиялар:

- құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қамтамасыз етуге;
- азаматтардың заңды құқықтары мен бостандығын қылмыстық қолсұғушылықтан, оның ішінде жекелеген қылмыс бойынша жауаптылықты күшейту арқылы қорғауға;
- мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, ұйымдар мен азаматтардың құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі қызметінің құқықтық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін айқындауға;
- қоғамдық және ведомстволық бақылауды арттыруға бағытталған [4].

Патрульдік полиция мен Ұлттық ұланның күнделікті қызметіне видеожетон сияқты, жаңа құралдарды қолдану, қоғамдық жерлерде қоғамдық тәртіпті сақтаудың тиімділігін арттыруға, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық сияқты тәуекелдерге жол бермеуге мүмкіндік берді.

Басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығы үшін дәстүрлі, көбінесе бюрократиялық үлгіден қызметтің адамға бағытталған моделіне көшу қажет, мұнда негізгі элементтер барлық процестерді автоматтандыру және ұтымды ету болады.

Қоғамдық қауіпсіздік саласындағы халықаралық және ұлттық индикаторлар Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша 2019 – 2022 жылдар кезеңінде халықтың полицияға деген сенім көрсеткіші 2019 – 2022 жылдардағы 89,5 %-дан (оның ішінде толық – 38,3%, ішінара – 51,2 %) 74,6%-ға (36,4 % және 39 %) дейін төмендеген. Сонымен қатар осы кезеңде тәуліктің қараңғы уақытында тұрғылықты ауданда қауіпсіз сезіну көрсеткіші төмендеді (2020 жылғы 62,2%-дан 2022 жылы 60,3 %-ға). Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы жүргізетін жеке, мүліктік және қоғамдық қауіпсіздікті сезіну өлшемі бойынша әлеуметтік зерттеу нәтижесі де көрсеткіштің нашарлауымен сипатталады (2020 жылғы 64,3 %-дан 2022 жылы 60,3 %-ға). «Құқық тәртібі мен қауіпсіздік» (2018 жылғы 0,78-ден 2020 жылы 0,80-ге дейін) және «Қылмыстық-құқықтық жүйе» (0,41-ден 0,47-ге дейін) факторы бойынша Құқық үстемдігі индексі жалпы көрсеткішінің жақсарғанына қарамастан, «қылмысты тиімді тежеу» (0,79-дан 0,78 дейін) және «өмір мен қауіпсіздікті қорғау» (2020 жылғы 60-тан 2022 жылы 0,53-ке дейін) сияқты параметрлер бойынша көрсеткіштің төмендегені байқалады [4].

Жоғарыдағы ақпаратқа сүйнетін болсақ, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік саласындағы көрсеткіштердің өзгеру динамикасы, келесі ойға әкеледі, басты ұйымдастырылатын шара ол құқық бұзушылықтарды алдын алу, жолын кесі, бұлтартпау, сонымен қатар бұл шараларды жүйелі әрі кешенді түрде өткізгені дұрыс.

Қоғамдық орындардағы зорлық-зомбылық қылмысының жоғары үлес салмағы. Қоғамдық орындарда, көшеде, алаңдарда, саябақ пен гүлзарларда жасалған қылмыс шамамен 40 %-ды құрайды. 5 жыл ішінде ең көп тарағаны пайдакүнемдік үшін күш көрсетіп жасалған қылмыс (85%) және бұзақылық (6%) болып отыр. Қоғамдық орында жасалған қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықты анықтаудың, олардың жолын кесу мен ашудың жақсаруына бейнебақылау камералары айтарлықтай септігін тигізеді. Сонымен қатар әлеуетті қауіпті учаскелердің (оның ішінде бос жерлер, тұрғын үйлердің жертөлесі, аула, кіреберіс, саяжай және гараж алқаптары) жеткілікті қамтылмауына байланысты жеке тұлғаға қарсы қылмыс жасау қаупі әлі де бар. Айталық, барлық кісі өлтірудің 24 %-ы, денсаулыққа ауыр зиян келтірудің шамамен 30 %-ы және денсаулыққа орташа ауырлықта зиян келтірудің 40 %-дан астамы қоғамдық орындарда жасалады [4].

Өкінішке орай, түнгі уақытта, инфрақұрылымы жеткіліксіз жерлерде, әсіресе гүлзарларда, аллеяларда, көшелер мен үйлердің аулаларында саябақ аймағында қылмыстық жағдай артып келеді.

Жол-көлік оқиғасынан болатын өлім-жітімнің жоғары деңгейі.

2014 жылдан бері жол-көлік оқиғасы санының жалпы қысқарғанына қарамастан, Қазақстандағы жол қауіпсіздігінің жай-күйі өлім-жітім деңгейінің жоғары болуымен сипатталады. 5 жыл ішінде 74 мыңнан астам жол-көлік оқиғасында 12267 адам (8218 ер адам, 2975 әйел, 1074 бала) қаза тапқан. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының рейтингінде («Global Status Report on Road Safety», 2018 ж.). Қазақстан 100 мың тұрғынға шаққанда 12,7 қайтыс болу көрсеткішімен әлемнің 192 елінің ішінде 107-орында тұр. ЖКО-да қаза тапқан азаматтардың 30 %-ы жаяу жүргіншілер мен көлік құралдарының жолаушылары, 24,7 %-ы автокөлік жүргізушілері, 3,4 %-ы мотокөлік немесе велосипед жүргізген адамдар. ЖКО-ның негізгі себебі – көлік жүргізу тәртібі мен жүргізу мәдениеті деңгейінің төмен болуы. Барлық жол-көлік оқиғасының 94 %-ы жүргізушілер кінәсінен болады, оның ішінде шамамен 6 %-ы мас күйде болғандықтан. Жолдағы аварияның негізгі себебі жол берілген жылдамдықты асыруға (24 %), маневр жасау қағидаларын бұзуға (18 %), қарсы жолаққа шығып кетуге (5 %) және басып озуға (2 %) байланысты. Барлық ЖКО-ның төрттен бір бөлігі қала сыртындағы трассаларда болады (оның ішінде 66 % – республикалық маңызы бар жол, 34 % – облыстық және аудандық жол), онда фото-бейне түсіру камераларының болмауына және патрульдік полицияның жылжымалы техникалық бақылау құралдарымен нашар жарақтандырылуына байланысты жол жүрісін қадағалау ұдайы жүргізілмейді. Жамбыл облысындағы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Алматы – Ташкент», Батыс Қазақстан және Атырау облыстарындағы «Орал – Атырау» автожолдарының учаскелерінде күрделі жағдай қалыптасып отыр, оларға ЖКО-да жалпы қаза тапқандар санының 60 %-дан астамы тиесілі. Жол төсемінің (шұңқыр, ойық, жолтабан) қанағаттанғысыз күйі және қазіргі заман талаптарына сәйкес келмейтін параметрлері жағдайды қиындата түседі. Нәтижесінде аударылып қалу (барлық ЖКО-ның 8 %-ы) және соқтығысу (30 %) орын алады [4].

Ірі қала сыртындағы трассалардағы қауіпсіздікке жол бойындағы инфрақұрылым да әсерін тигізеді. Оның дамымауына, кемпингтердің, демалыс орындарының, тамақтану пункттерінің болмауына байланысты жүргізушілер өзін де, өзгелерді де қатерге тігіп, ұйқы мен демалыс көрмей көлік жүргізуге мәжбүр. Бақыланбайтын заңсыз жолаушылар тасымалы – бөлек проблема. 2018 жылдан бері азаматтарды жеткізетін онлайн-сервистерге (Indriver, Uber, Yandex мобильді қосымшасы) халық арасында сұраныс артуда.

Сонымен қатар бұл салада жолаушылар қауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейі өте төмен. Көбінесе мұндай сервистегі жүргізушілер еңбек және демалыс режимін сақтамайды. Шаршауының салдарынан ауыр зардапқа әкелетін ЖКО-ға жол береді. Олар пайдаланатын автомашиналар көп жағдайда қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейді (тозған, қайта жабдықталған, рулі оң жақта). Талдау әрбір үшінші ЖКО-да автомашина «AIRBAG» жүйесімен (қауіпсіздік қабымен) жарақталмағанын, әрбір оныншы ЖКО-да бұл жүйе іске қосылмай қалғанын көрсетті [4].

Жалпы еліміздің автопаркінде пайдалану мерзімі 20 жылдан асып кеткен автомашиналар басым (50 %-дан астам). Бұл ретте автокөліктің техникалық жай-күйін бақылаудың сапасы қамтамасыз етілмейді. 5 жыл ішінде техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін көлік құралын жүргізгені үшін полиция 51,3 мың жүргізушіні жауапқа тартты, техникалық байқаудан өтпегені үшін 362,4 мың жүргізушіге айыппұл салды. Көп жағдайда жүргізушілер мен жолаушылар қарапайым қауіпсіздік шараларын елемейді. 5 жыл ішінде қауіпсіздік белдігін тақпағаны және ұстап қалатын басқа да құрылғыларды пайдаланбағаны үшін 738 адам қаза тапса, 173 жағдайда белдік мүлдем болмаған. Қазіргі уақытта өңірлерде ЖКО-дан болған шығынды мониторингтеу, оның ішінде салдары ауыр ЖКО көп болатын учаскелерді айқындау тәртібі регламенттелмеген. Бұл, өз кезегінде, трассаларда құрылатын медициналық-құтқару пункттері орналастырылатын жерлерді айқындауды қиындатады [4].

Жедел жағдайды талдап, бағалағаннан кейін белгіленген міндеттерді орындау, туындаған мәселелерді шешу шараларын анықтау қажет. Бұл жағдайларда оң тәжірибені білу міндетті шарт болып табылады, өйткені бұл ең тиімді шараларды анықтауға мүмкіндік береді. Оң тәжірибені зерттеумен қатар, бұрын қабылданған шешімдердің қаншалықты тиімді болғанын бағалау ұсынылады. Егер олардың пайдалы әсер ету коэффициенті төмен болса, онда түзетулер, немесе басқа шешімдерді іздеу қажет.

Жұмысты жоспарлау кезінде уақыт пен күштің резерві болған жөн, өйткені тәжірибелік іс-әрекет барысында уақтылы әрекет ету қажет оқиғалар мен жағдайлар туындайды. Жоспарлар нақты орындалуы керек, ал резерв болмаған кезде бұл талапты қамтамасыз ету қиын. Жоспар мақсатты және тиімді болуы үшін, проблемалық және басқа мәселелерді шешуді ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін оның жобасы тиісті қоғамдық тәртіпті қорғау аппараты қызметкерлерінің ұжымында талқылануы керек. Талқылау барысында, әдетте, қажетті түзетулер мен пайдалы толықтырулар енгізіледі. Басқа қызметтер бірлесіп орындайтын іс-шаралар міндетті түрде осы қызметтердің басшыларымен келісіледі.

## **2. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ**

Әр түрлі мемлекеттерде әкімшілік аумақ шегінде қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызмет әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады. Бұл салада әр елдің өзіндік тәжірибесі бар, оны зерттеу қазіргі күннің өзекті талаптарының бірі болып табылады. Д.В. Васильев атап өткендей, шетелдік тәжірибені зерттеу әлеуметтік прогреске ықпал ететін факторларды анықтауға, қоғамның және оның жеке ішкі жүйелерінің дамуының іргелі заңдылықтарын анықтауға, әлеуметтік - тарихи прогресс критерийлерін тұжырымдауға, қоғамдық қатынастардың динамикасын болжауға, қазіргі проблемаларды жеңудің ең тиімді тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. С.Н Гордеевтің пікірінше, шетелдік мемлекеттік институттардың жұмысын ғылыми негізделген талдаудың практикалық құндылығы-бұл отандық әріптестердің күшті және әлсіз жақтарын көруге мүмкіндік береді. Шетелдік тәжірибені шығармашылық тұрғыдан түсіну және пайдалану [6, 43 б.].

Соңғы жылдары халықаралық тәжірибеде құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды алдын алу әдіс-тәсілдерінде айтарлықтай өзгерістер болды. Бұрында алдын алу шараларымен көбінесе тек қана ішкі істер органдары айналысса, қазір бұл функцияны тек полицияға ғана бекітпей, қоғам үшін осы салада ұжымдық және белсенді іс-қимыл жасау тиімдірек және тиімді екендігі дәлелденді.

Бұл келесі дамыған елдердің, Ұлыбритания, Австралия, Норвегия, Финляндия, Сингапур сияқты тұжырымдамалық, маңызы бар құжаттарында бекітілген. Жоғарыда аталған мемлекеттерде халықты қылмыстан қорғаудың жоғары деңгейімен, полицияға деген сеніммен (90 %), сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы қоғаммен серіктестікпен сипатталады.

Қауіпсіздік қоғамның тұрақты дамуы үшін іргелі құндылық болып табылатынын және қылмыс мемлекетке алдын алу шараларына инвестиция салудан әлдеқайда қымбатқа түсетінін түсіну қазіргі заманғы қылмыстың алдын алу жүйесін дамытудың негізгі хабары болады.

Бұл ретте ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жаңа тетіктері арқылы жергілікті атқарушы органдардың полициямен және жұртшылықпен бірлесіп өңірлік қауіпсіздік проблемаларын шешуі орталық буын болады.

Жаңа технологиялардың, мысалы батыс елдерінің «дәлелді полиция» тұжырымдамасын енгізуі болып табылады. Ол дәлелді медицина сияқты, құқық бұзушылыққа әсер ететін факторлар арасындағы тұрақты байланыстарды анықтау үшін ғылыми дәлелденген деректерді талдау әдістерін қолдануға бағытталған. 2021 жылы Ұлыбритания полициясының бас ғылыми кеңесшісі лауазымын енгізу мұндай тактикаға көшудің маңыздылығын растайды [4].

АҚШ пен Батыс Еуропаны реформалаудың идеялық негізі полицияны кәсібилендіру тұжырымдамасы болды, ол полиция ұйымын саяси бақылаудан



және оның қызметіне араласудан босатуды, полиция қызметіне қабылдау және жоғарылату кезінде кандидаттарға біліктілік талаптарын, білім беру полиция бағдарламаларын әзірледі, «патронаж» қағидатын заманауи менеджмент мектептерінің ұсыныстарымен алмастыруды және осы негізде жоғарылатуды көздейді полиция мекемелері қызметінің тиімділігі, полиция қызметкерінің мінез-құлқының этикалық нормаларын әзірлеу. Реформалау кезеңі полицияны құқықтық қамтамасыз етудің дамуымен, басқаруды орталықтандырудың басым тенденциясымен және ұйымның классикалық құрылымымен байланысты. Осы кезеңде полиция қызметіне техникалық жетістіктер кеңінен енгізілді: жаяу патрульдің орнына полиция қызметкерлері қала көшелерін күзетіп отырды машиналар, орталық диспетчерлік қызметтер пайда болды, техникалық байланыс құралдары кеңінен қолданылды; полиция халықтың шақыруларына жедел жауап беретін мобильді бөлімшеге айналды. Полиция қызметін кәсібилендіру тұжырымдамасының идеялық негізін әртүрлі менеджмент мектептерінің қарызға алынған және бейімделген ережелері, қағидаттары, ұсынымдары құрағаны атап өтілді [7, 16-17 б.].

Әр елдің қоғамдық тәртібі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі басқа мемлекеттерден ерекшеленеді. Бұл салада Ресей Федерациясында белгілі бір тәжірибе жинақталған. Әкімшілік аумақтар шегінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуде патрульдік-бекеттік қызмет қызметкерлерінің рөлі зор. Қызметтік аумақты патрульдеу негізінде олар қылмыс жасалуы мүмкін орындарды анықтайды, жасырынған қылмыскерлерді анықтайды, адамдардың қоғамға жат мінез-құлқының жолын кесуді қамтамасыз етеді, жасалған құқыққа қарсы әрекеттерге қатысты дереу шаралар қабылдайды немесе бұл туралы кезекші бөлімге, қылмыстық полицияға және өзге де қызметтерге хабарлайды.

АҚШ-тың елді мекендеріндегі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі патрульдік қызмет қызметкерлерінің орны мен маңыздылығын зерттеген ғалымдар бұл қызметті полицияның «жүрегі, өзегі» деп таниды. Бұл мемлекетте орталықтандырылмаған полиция жүйесі жұмыс істейтіндігіне байланысты патрульдік-бекеттік қызметтің қызметін ұйымдастыру нысандарында Бірлік жоқ.

Жапонияда әкімшілік аумақтарда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің өзіндік тәжірибесі байқалады. Бұл елдің елді мекендерінде бұл функцияны төменгі буындар — полиция бекеттері мен пункттер жүзеге асырады. Полиция қызметін жетілдірудің басым бағыттарының бірі жұртшылықпен өзара іс-қимылды күшейту болып табылатынын түсіне отырып, Жапония үкіметі елді мекендерде полиция «стендтерінің» (Koban) жұмыс істеуіне бұрыннан назар аударып келеді. Жапония бекеттері мен пункттерінде қызмет атқаратын патрульдік-бекеттік қызметтің қызметкерлері өздеріне бекітілген аумақтың тұрақты патрульдеуінде болады, әрбір отбасымен, кәсіпорынмен, мекемемен және ұйыммен тығыз өзара іс-қимыл жасайды. Ел заңнамасына сәйкес әр полиция қызметкеріне орта есеппен 400 отбасы болуы керек. Қызмет барысында патрульдік-бекеттік қызметтің қызметкерлері құқық

бұзушылықтардың алдын алу шеңберінде халық арасында түсіндіру әңгімелерін жүргізеді, оны қажетті мәліметтермен қамтамасыз етеді және полиция қызметіне қатысты қоғамдық пікірді зерделейді [6, 45 б.].

Бір қызығы, Ұлыбританияда ұлттық жол полициясы қызметі жоқ. Бұл мәселені округтер басқарады, олардың әрқайсысы жеке бөлімшені қаржыландыруға қабілетті ме, жоқ па, соны шешеді. Британдық полицейлер керемет дайындалған және олардың көптеген өкілеттіктері бар: олар тұтқындауға, кез-келген жолды жауып тастауға, кез-келген көлік құралын тартып алуға, кейбір жағдайларда тіпті ұсталғандарды іздеуге қабілетті. Британдық жол полицейлері өздерінің ұстанымдарымен танымал, мысалы, адал және өздері алған айыппұлдарды уақытында төлейді. Олардың барлығы алғашқы медициналық көмек көрсету және тіпті минималды реанимация дағдыларын жақсы біледі. Әсіресе сүйкімді деталь-жол полициясының көптеген қызметкерлері салонда апатқа ұшыраған балаларды трагедиядан алшақтату үшін жұмсақ ойыншықтар алып жүреді.

300 000-нан астам тұрғыны бар әлемдегі ең тыныш және қауіпсіз елде жол полициясының істері көп емес. Дегенмен, Исландиядағы жол қозғалысы ережелерін және әсіресе жылдамдық режимін бақылау өте қиын, камералар бүкіл аралға толы, сондықтан егер сіз турист болсаңыз, жалға алынған көлікте белгіленген шектеулерден асып кетсеңіз-алып айыппұлдарға дайындалыңыз. Сізге бірнеше жүз еуро төлеуге тура келеді және бұл ең қарапайым есептеулер бойынша. Бірақ қылмыстардың бір бөлігі үшін мұнда тыныш және тегіс. 2013 жылы Исландия полицейлері алғаш рет қылмыскерді өлтірді: полиция қызметкерлері тұрғын үйде оқ атқан адамды атып өлтірді. Марқұмның туыстарынан ресми кешірім сұралды, ал осы оқиғадан кейін полицейлердің өздері психологтардың қызметтерін пайдаланды — бұл оқиға Исландия үшін бұрын-соңды болмаған жағдай болды. Айтпақшы, жергілікті құқық қорғау органдарының Instagram парақшасы бар - бұл өте күлкілі және қолданушылар арасында танымал.

БАӘ полицейлері сәнді суперкарларға мініп қана қоймай, бұл елде жоғары технологиялық жолмен жүруге шешім қабылдады: бірнеше жыл бұрын жергілікті полиция штатына алғашқы «Робокопты» қабылдады. Жоқ, ол, әрине, соншалықты әсерлі көрінбейді, бірақ жақсы дайындалған. Әлемдегі алғашқы робот-полиция қызметкері ірі сауда орталықтарының бірінде кезекшілікке келді. Ол алты тілді біледі, эмоцияларды тани алады, көшеде қозғалады. Оның кеудесінде арнайы монитор бар, оның көмегімен азаматтар құқық бұзушылық туралы хабарлап қана қоймай, айыппұлдарды да төлей алады. Мұндай шара өте орынды болып көрінеді, әсіресе мегаполис үшін — роботтың көзінен (оқыңыз: камералар) кішкене құқық бұзушылық (мысалы, дұрыс емес тұрақ) жасырмайды. Бірақ мұнда атышулы адам факторы жоқ. Механикалық полицейлер күнделікті жұмыста өте жақсы жұмыс істейді, сондықтан БАӘ 10-15 жылдан кейін мұндай қызметкерлер бүкіл штаттың төрттен бір бөлігін құрайтынын мәлімдеді.

Халықаралық тәжірибедегі полиция-бұл құқық қорғау институты, билік органы ғана емес, сонымен бірге халықпен қарым-қатынасқа бағытталған қоғамдық институт. Сондықтан халық пен полиция арасындағы қарым - қатынастың сипаты құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсібилігінен кем емес маңызды мәселе болып табылады, ол әдетте полицияның қалай жұмыс істейтіні туралы халықтың пікіріне келгенде бірінші орынға шығады. Осыған байланысты біз қатынастың түбегейлі қарама - қарсы нұсқаларын байқай аламыз-полицияның әлеуметтік функциясының сенімі мен маңыздылығын мойындаудан бастап, құқық қорғау органдарын белсенді түрде қабылдамауға дейін және полицейлер жүзеге асыратын көптеген лауазымдық бұзушылықтар туралы түсініктердің болуына дейін. Құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылдың полярлығына байланысты олардың жұмысының тиімділігі сәті өзгеріп отырады. Халықтың полициямен ынтымақтастыққа дайындық деңгейі осыған байланысты; оның ішінде кідіріске әсер ететін бейініне (халық тұрғысынан) қатысты проблемалар туындаған жағдайда халықтың құқық қорғау органдарына жүгіну перспективасы сияқты аспект те маңызды [8, 6 б.].

### **3. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ БОЙЫНША ПАТРУЛЬДІК ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ПО ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ МЕН ДАМУ ДЕНГЕЙІ**

Мемлекет қызметінің негізгі бағыттарының бірінің маңызын қоғамдық тәртіпті күзету секілді функция көрсетеді, ол аталған міндеттердің практикалық тұрғыда жүзеге асырылуына қандай да бір дәрежеде ықпалын тигізеді.

Қазіргі уақытта елдің барлық қалалары мен ірі кенттерінде қоғамдық тәртіпті сақтауды негізінен полиция патрульдік қызметінің бөлімшелері жүзеге асырады. Олар республикада құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және ПО-ның әкімшілік қызметін жүзеге асыру бойынша үлкен және нақты күш болып саналады [9, 240 б.].

Құқық бұзушылықтың алдын алу, барлық әкімшілік полиция сияқты, патрульдік қызмет жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Құқық бұзушылықтардың алдын алу осы құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды зерттеуден тұрады, бұл оған белгілі бір мақсатқа бағытталған сипат береді. Әрине, жедел жағдайды, құқық бұзушылыққа ықпал еткен себептер мен жағдайларды және патрульдік учаскедегі қоғамдық тәртіптің жай-күйін талдау тек нәтижелерге қамқорлық емес. Бұл патрульдік полиция мен жалпы әкімшілік полицияның алдын алу жұмыстарын сәтті жүргізу үшін қажетті жағдайлар ғана. Бүгінде олар құқық бұзушылықтарға қарсы күрестегі жедел жағдайдың барысы мен нәтижелеріне әсер ететін шынайы күш болып табылады.

Құрамында әкімшілік полиция бар ішкі істер органдары мемлекеттік басқарудың арнайы органдарына жатады. Олардың бірінші ерекшелігі патрульдік қызметтің күштерімен және құралдарымен қоғамдық тәртіпті күзетуді және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыруы және де оларды іске де асыруы болып табылады. Екінші ерекшелігі полицияның патрульдік қызметінің кең көлемді әкімшілік-қадағалау функцияларына ие екендігімен көрінеді. Қоғамдық тәртіпті бір қалыпта ұстау адамдардың қоғамдық орындарыдағы тәртіптің; жарылғыш және қатты әсер ететін заттарды тасымалдау тәртібінің, төлқұжаттық тәртіптің және т.с.с. сақталуын үнемі қадағалауды талап етеді [3].

Патрульдік-бекеттік қызмет күштерімен профилактиканы жүзеге асырудың үлкен практикалық қызығушылығы бар, ол мұқият зерделеуге, жалпылауға және таратуға лайық. Мәселен, кейбір қалаларда әрбір патрульдік полицейге қызмет атқару орындарындағы құқық бұзушылықтарға ықпал ететін жағдайлар мен мән-жайларды анықтап қана қоймай, оларды жою жөнінде өз ұсыныстарын қалалық аудандық ішкі істер органы бастығының атына баянаттарда айту міндеті жүктелген.

Патрульдік нарядтардың жұмысында әкімшілік мәжбүрлеуді қолдану маңызды. Патрульдік полиция қызметті атқару процесінде ол қызметкерлердің

қоғамдық тәртіпті бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу мақсатында мәжбүрлеу шараларын тікелей жүзеге асыруынан, сондай-ақ кінәлілерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жазалаудан тұрады.

Патрульдік қызмет күштері қоғамдық тәртіпті бұзудың алуан түрлілігімен күресуге тура келетін мәжбүрлеудің әртүрлі әкімшілік-құқықтық құралдарын қолдану қажеттілігін талап етеді. Қолдану мақсатына қарай олар үш түрге бөлінеді: әкімшілік-алдын алу шаралары; әкімшілік бұлтартпау шаралары; әкімшілік жазалар.

Әкімшілік-алдын алу шаралары қалып бойынша профилактикалық болып табылады. Олар белгіленген нормаларды бұзғаны үшін емес, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қолданылады. Оларға, мысалы, азаматтардағы құжаттарды қажетті жағдайларда тексеру; қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалысын шектеу немесе тоқтату жатады.

Патрульдік-бекеттік қызмет қызметкерлері әкімшілік бұлтартпау шараларын қолдану кезінде кең өкілеттіктерге ие. Бұл шаралар қоғамдық тәртіпті бұзуды тоқтату туралы талапқа бағынудан бас тартқан немесе оны жауапқа тартуды қамтамасыз ету қажет болған жағдайларда қолданылады. Сондықтан бұлтартпау шарасы, әдетте, қылмыскерді қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартудан немесе құқық бұзушыға қоғамдық ықпал ету шараларын қабылдау үшін оны уәкілеттегі бар лауазымды тұлға полиция бөлімшесіне немесе заңға сәйкес қызмет орнына тиісті материалдарды беруден тұрады.

Патрульдік полиция қызметкерлері қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету бойынша (құқық бұзушылықтың ауырлататын немесе жеңілдететін мән жайларға байланысты) ішкі істер органдарының немесе өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының құзыретіне жататын жаза қолдану бойынша үлкен жұмыс жүргізеді.

Патрульдік қызметтің үшінші ерекшелігін мемлекеттік қызметтің спецификалық жақтары құрайды: қызметке қабылдану кезіндегі жоғары талаптар (мінсіз өткен өмірі, денсаулығының күшті жағдайда болуы және т.б.), әскери қызметтің, біліктілігін көрсететін арнаулы атақтардың, білімдердің, ерекше қызметтік тәртіп және тағы басқалар.

Патрульдік полиция жүктелген міндеттер шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, нақтырақ айтсақ Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар Кодексе сәйкес келесі баптар негізінде 434-бап. Ұсақ бұзақылық; 434-1-бап. Жеке тұлғалардың спорттық және спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларда жүріс-тұрыс қағидаларын бұзуы; 434-2-бап. Ортақ пайдаланылатын орындарды ластау; 436-бап. Пиротехникалық бұйымдарды елді мекендерде қолдану; 437-бап. Тыныштықты бұзу; 440-бап. Алкогольдік ішімдіктерді ішу

немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу; 441-бап. Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салу белгіленген орындарда темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салуды бұзу; 441-1-бап. Автомобиль көлік құралында кәмелетке толмаған адамдар болған кезде оларда темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, қорқорға арналған темекіні, қорқор қоспасын, темекі қыздыруға арналған жүйелерді, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтарды тұтынуға тыйым салуды бұзу; 442-бап. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болуы; 443-бап. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын адамның заңды талабына бағынбау; 449-бап. Қоғамдық орындарда тиісу, қоғамдық тәртіпті қорғау кезінде: құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға, зерделеуге, жоюға бағытталған шаралар кешенін жүзеге асырады; қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады [10].

Полицияның патрульдік қызметінің бөлімшелері мен нарядтарын басқару - бұл күрделі, көп қырлы, серпінді процесс, ол адамдардың үлкен ұжымдарын қамтиды және нақты міндеттерді шешу, белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу мақсатында бағыныштыларға басқару субъектілерінің үздіксіз әсерін білдіреді. Мұндай басқару қабылданған шешімге сәйкес күштер мен құралдарды неғұрлым орынды орналастыруды және дұрыс пайдалануды, олардың жоғары маневрлігі мен көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда жасалатын қылмыстар мен қоғамдық тәртіпті бұзушылықтардың алдын алудағы, дайындалып жатқан және жолын кесудегі белсенділігін қамтамасыз етуге тиіс.

Сондай-ақ қоғамдық тәртіпті күзету патрльдік қызметтің барлық бөліністерінің реттелген, нақты, жылдам және жедел жұмысын, олардың ұйымдасқан өзара қызметін, ПО-ның басқа қызметтерімен байланысын, бұйрыққа сөзсіз бағынуын талап етеді. Бұл ПО толық жүйесінің ішкі ұйымдастырылуын қамтиды, оның негізінде әскериге ұқсас тәтіп жатыр; ол тәртіптік жарғымен реттеледі. Полицияның патрульдік қызметіндегі қызметкерлердің лауазымдық жағдайын, біліктілігін, өкілеттілік ететін шектерін және қызметтің еңбек өтілін көрсететін арнаулы атақтары бар. Осының барлығы тәртіптің нығаюына, басшы құрамның беделінің артуына және т.б. ықпал етеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, патрульдік бөліністердегі және жалпы ПО-дағы қызмет республикамыздағы мемлекеттік қызметтің принциптеріне сәйкес келеді деген қорытынды жасауға болады» [11, 54 б.].

Біздің ойымызша тағы бір мәселе, ол патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру. Патрульдік-бекеттік нарядтар жұмысының нәтижелерін есепке алу қоғамдық тәртіптің нақты жай - күйін, жол қауіпсіздігін және қызмет

көрсетілетін аумақтағы қылмысқа қарсы күресті, күштер мен құралдарды орналастырудың сәйкестігін, сондай-ақ қойылған міндеттерді орындау мақсатында жүргізіледі. Қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін қорғауға қатысатын патрульдік нарядтар жұмысының нәтижелерін ЖПҚ, қалалық аудан бөлімдерінің басшылары және полицияның саптық бөлімшелерінің командирлері тәулігіне қорытынды шығару кезінде күн сайын ескереді. Патрульдік полиция жұмысының есебі посттық ведомосте және дербес шотта мынадай нысан бойынша көрсетіледі.

Қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша патрульдік полиция бөлімшелері қызметкерлерінің жұмыс нәтижелері айқындалады:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы құқықтық актілердің талаптарын білуімен;

